



"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының экономикалық жай-күйін тұрақтандыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 ақпандағы N 234

Орын алған кемшіліктерді жою, компанияның экономикалық қызметін тұрақтандыру, республиканың телекоммуникациялар жүйесін дамыту стратегиясын жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының даму стратегиясын әзірлеу және оны қайта ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобы құрылсын.

2. Жұмыс тобы бір айлық мерзімде республика телекоммуникациялар жүйесінің стратегиялық даму және оны қайта ұйымдастыру тұжырымдамасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының байқаушы

кеңесі 2-қосымшаға сәйкес құрамда бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп телекоммуникацияларды дамыту және жетілдіру жобаларын 1997-1998 жылдарға арналған инвестициялық басым жобалар тізбесіне енгізу мүмкіндігін қарасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 ақпандағы

N 234 қаулысына

1-қосымша

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының даму стратегиясын әзірлеу және оны қайта ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобының

ҚҰРАМЫ

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, жұмыс тобының

жетекшісі

Жұмыс тобының мүшелері:

- Лавриненко Ю.И. - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі
- Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің бірінші орынбасары
- Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары
- Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары
- Молдахметов Н.С. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары
- Рахымбекова Р.М. - Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы
- Бүркітбаев С.М. - "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының президенті
- Кучура В.Н. - "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының вице-президенті
- Кәрібжанов А.Т. - GLOBAL Kazkommerts Securities бас директорының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 ақпандағы
N 234 қаулысына
2-қосымша

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы
байқаушы кеңесінің құрамы

- Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары, байқаушы кеңестің төрағасы

Байқаушы кеңестің мүшелері:

Шаймұханов С.Д. - Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігі Байланыс
департаментінің директоры

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
орынбасары

Бүркітбаев С.М. - "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік
компаниясының президенті

Кәрібжанов А.Т. - GLOBAL Kazkommerts Securities бас
директорының орынбасары (келісім бойынша)